



Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Құқықтық көмек және азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар туралы шартты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 9 сәуірдегі N 315

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Құқықтық көмек және азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар туралы шартты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының

Парламент Мәжілісіне

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы
арасындағы Құқықтық көмек және азаматтық отбасылық
және қылмыстық істер бойынша құқықтық
қатынастар туралы шартқа

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

1997 жылы 2 маусымда Алматы қаласында Қазақстан Республикасының Президентімен және Өзбекстан Республикасының Президентімен Құқықтық көмек және азаматтық отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар туралы шартқа қол қойылды.

Осы Шарт өзара құқықтық қатынастар саласында ынтымақтастықты дамыту өзара түсінушілік пен егемендікті құрметтеу негізінде азаматтық отбасылық және

қылмыстық істер бойынша бір-біріне құқықтық көмек көрсету мақсатында жасалды.

Шартқа сәйкес азаматтық отбасылық және қылмыстық істер бойынша Уағдаласушы Тараптардың азаматтар мен заңды тұлғалары екі мемлекет аумағында өздерінің жеке мүлдітік емес мүлдітің құқықтарының бірдей құқықтық қорғалуын пайдаланады. Уағдаласушы Тараптар өз заңдарын сақтаумен іс жүргізу, шұғыл іздестіру және өзге әрекеттер оның ішінде құжаттар жасау және жіберу банктік қаржылық заңды және іскерлік құжаттарды қоса тиісті құжаттардың түпнұсқалары немесе куәландырған көшірмелерін ұсыну, заттар мен құжаттарды іздеу, алу және алып астау, мүлдіті пайдалануға тыйым салу, заттай айғақтарды жіберу және беру; тексеру және куәландыру жүргізу, сараптама ісін жүргізу; тараптардан, жәбірленушілерден, айыпталушылардан, куәлардан, сарапшылардан жауап алу: қылмыстық қудалауды қозғау; қылмыс жасауда айыпталушыларды, сондай-ақ үкімді орындауға келтіруде айыпталушы адамдарды іздеу; сот құжаттарын ұсыну; азаматтық және отбасылық істер бойынша сот шешімдерін, азаматтық талап ету, атқарушы жазулар бөлігінде қылмыстық істер бойынша үкімдерді тану және орындау; құжаттар ұсыну жолымен бір-біріне құқықтық көмек береді.

Осы Шарт құқықтық қатынастар, қолданылып жүрген заңдар саласында, қылмыспен күрес және ынтымақтастықтың басқа да түрлері мәселелерінде ақпарат алмасу үшін жол ашады. Осы Шарттың негізінде және дамуында Уағдаласушы Тараптардың Орталық заңды органдары шегінде ведомстволық келісімдер жасау жолымен тура байланыстар белгілейді.

Осы Шарт шеңберінде тараптар отбасы, неке, мұралық және мүлдітік қатынастар саласында құқықтық көмек көрсетеді: қамқорлыққа және қорғаншылыққа алу, қамқорлыққа және қорғаншылыққа беру тәртібіне, бала асырап алуға, ана-аналар мен балалар арасындағы құқықтық қатынастарға қатысты мәселелер аясы кеңейген.

Осы Шарттың көптеген ережелері қылмыстық құқықтық қатынастарға жататын мәселелерді елеулі түрде ұлғайтады. Сонымен қатар беру институтында негізсіз ұстау немесе негізсіз қамауға алу, жеке меншікке беру жауапкершілігі сияқты мәселелер қосымша қаралады. Қылмыстық қудалау институты - жәбірленуші құқығын; сұрау салынған және сұрау салушы Уағдаласушы Тараптар үшін сот ісін жүргізуді беру салдарларын реттейтін баптармен толықтырылған.

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы арнаулы ережелермен елеулі толықтырылған, оның ішінде: а) құқық бұзушылықтан табыстар; б) құқық бұзушылықтар табысына қатысты көмек көрсету; в) бақыланатын жеткізілулер; г) хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздеу; д) уақытша жіберілген не берілген адамдарды басқа тарап аумағынан қарумен алып жүру.

Осы Шарттың ережелерін жүзеге асыру барысында Уағдаласушы Тараптар қандай да бір қаржылық шығындарды көтермейді. Мемлекеттің

құзыретті органдары қосымша қаржылық қаражаттарды бөлуді талап етпестен бюджеттік бөлінген қаржылар шегінде өзара қатынасты жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы
арасындағы Құқықтық көмек және азаматтық, отбасылық
және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар
туралы шартты бекіту туралы
Қазақстан Республикасының Заңы

1997 жылғы 2 маусымда Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Құқықтық көмек және азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар туралы шарт бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы
арасындағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер
жөніндегі құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы

ШАРТ

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы,
халықаралық құқықтық көпшілікке танылған, қалыптарды басшылыққа ала отырып,
уағдаласушы екі Тарап азаматтарының жеке және мүліктік құқықтарының тең құқықтық қорғалуын қамтамасыз етуге ұмтылуға сүйене отырып,
азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер жөніндегі құқықтық ынтымақтастықты дамытуға зор маңыз бере отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бөлім. Құқықтық қорғау

1-бап

Құқықтық қорғауды ұсыну

1. Уағдаласушы бір Тараптың азаматтары, сондай-ақ оның аймағында тұрақты тұратын басқа да адамдар басқа уағдаласушы Тараптың аумағында өздерінің жеке және мүлдіктік құқықтарына қатысты аталған Уағдаласушы Тарап азаматтары пайдаланатын құқықтық қорғауды пайдаланады.

2. Әрбір Уағдаласушы Тараптың азаматтары, сондай-ақ оның аумағында тұратын басқа да адамдар басқа Уағдаласушы Тараптың соттарына, прокуратурасына, ішкі істер және құзыретіне азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер жататын /бұдан әрі "әділет мекемелері" деп аталатын/ өзге мекемелеріне кедергісіз бара алады, онда аталған Уағдаласушы

Тарап азаматтарына қолданылатын шарттарда сөз сөйлей, құзау хаттар қозғай, талаптар ұсына және басқа да іс жүргізу әрекеттерін жүзеге асырыла алады.

3. Осы Шарт ережелері осыған сәйкес Уағдаласушы Тараптар аумақтарында олардың заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлғаларға, сондай-ақ іс жүргізу құқық қабілеті бар басқа ұйымдарға қолданылады.

2-бап

Баждарды төлеуден босату және
шығындардың орнын толтыру

1. Әрбір Уағдаласушы Тараптың азаматтары, оның аумағында тұрақты тұратын өзге адамдар басқа Уағдаласушы Тарап аумағында сот және нотариалдық баждар мен шығындар төлеуден және олардың орнын толтырудан босатылады, сондай-ақ аталған

Уағдаласушы Тарап азаматтарына ұсынылатын шарттар мен көлемде ақысыз заңгерлік
к ө м е к т і п а й д а л а н а д ы .

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген жеңілдіктер шешімнің орындалуын
қосқанда нақты іс бойынша жүзеге асырылатын барлық іс жүргізу әрекеттеріне
қ о л д а н ы л а д ы .

3-бап

Жеке, отбасылық және мүліктік жағдай туралы
қ ұ ж а т т а р ұ с ы н у

1. Осы шарттың 2-бабында көзделген жеңілдіктер туралы құжаттарды қозғаған
адамның жеке, отбасы және мүліктік жағдайы туралы құжаттар негізінде ұсынылады.
Бұл құжаттарды аумағында аталған адамның тұратын жері немесе орналасқан жері бар
Уағдаласушы Тараптың құзыретті мекемелері береді.

2. Егер құзаухат қозғаған адамның Уағдаласушы Тарап аумағында
тұратын жері немесе орналасқан жері болмаса, онда осы баптың
1-тармағында көзделген құжаттарды ол азаматы болып табылатын
Уағдаласушы Тараптың тиісті дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық
мекемесі бере алады.

3. Жеңілдіктер ұсыну туралы шешім шығаратын әділет басқармасы
қажет болған жағдайда құжаттарды берген мекемеден қосымша мағлұматтар
немесе түсініктемелер талап ете алады.

II бөлім. Құқықтық көмек

4-бап

Құқықтық көмек көрсету

1. Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелері осы Шарттың
ережелеріне сәйкес азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша
өзара құқықтық көмек көрсетеді.

2. Әділет мекемелері осы баптың 4-тармағында аталған істер
бойынша басқа мекемелерге де құқықтық көмек көрсетеді.

3. Басқа мекемелер осы баптың 1-тармағында аталған істер бойынша әділет мекемелері арқылы құқықтық көмек туралы өтініштер жолдайды.

5-бап

Құқықтық көмек көлемі

Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелері сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңдарында көзделген іс жүргізу және басқа әрекеттерді орындау жолымен бір-біріне құқықтық көмек көрсетеді, оның ішінде:

а/ банк, қаржылық, заң және іскерлік құжаттарды қосқанда құжаттарды құру және жолдау, тиісті құжаттар мен материалдардың түпнұсқаларын немесе куәландырылған көшірмелерін ұсыну ;

б/ заттар мен құжаттарды тінту, тауып алу және алуды, мүлікке

тыйым салу, заттай айғақтарды жіберу және беру;

в/ қарау және куәландыру жүргізу

г/ сарап жүргізу;

д/ тараптардан, жәбірленушілерден, айыпталушылардан, куәлардан, сарапшылардан жауап алу;

е/ құқық бұзушылық жасауда айыпталған адамдарды, сондай-ақ хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздеу құқық бұзушылық жасауда айыпталушы адамдарды, сондай-ақ үкімді орындауға келтіру үшін адамдарды ұстап беру;

е/ қылмыстық қудалауды ұсыну;

ж/ сот құжаттарын ұсыну;

з/ азаматтық және отбасылық істер бойынша сот шешімдерін, азаматтық талап бөлігінде қылмыстық істер бойынша үкімдерді атқару жазаларын мойындау және орындау;

и/ құжаттар ұсыну жолымен.

6-бап

Қатынастар тәртібі

Егер осы Шартта қатынас жасаудың өзге тәртібі белгіленбесе, құқықтық көмек көрсету кезінде Уағдаласушы Тараптардың әділет

мекемелері бір-бірімен өздерінің орталық органдары арқылы қатынасады.

7-бап

Құқықтық көмек көрсету туралы өтініш мазмұны

1. Құқықтық көмек көрсету туралы өтініште мыналар болуға тиіс:

а/ сұрау салушы әділет мекемесінің атауы және сұрау салынған әділет мекемесінің атауы;

б/ құқықтық көмек сұралып отырған істің атауы, өтініш мақсатын баяндау және сұралып отырған көмекті сипаттау;

в/ тараптардың, куәлардың аты-жөні, олардың тұратын жері немесе орналасқан жері, заңды тұлғалар үшін олардың атауы және орналасқан жері;

г/ "в" тармақшасында аталған адамдардың өкілдері болған жағдайда олардың аты - жөні және мекен - жайлары;

д/ орындалуы талап етіліп отырған нақты процедураны қолдану себептері және егжей - тегжейлі сипаттамасы;

е/ қылмыстық істер бойынша, сондай құқық бұзушылықты құрайтын деректерді суреттеу, тиісті заңдарды баяндау немесе олардың мәтіні, сондай-ақ егер ол әрекет нәтижесінде келтірілген болса, материалдық залал мөлшері туралы мағлұматтар;

ж/ қажет болған жағдайда өтініш орындалуға тиіс мерзімді көрсету.

2. При необходимости к просьбе прилагаются надлежащим образом заверенные копии документов или выписки из них, облегчающие выполнение просьбы, либо необходимые для процессуальных действий, санкционируемых прокурорами.

(7-баптың 2-тармағының қазақша аудармасы жоқ)

3. Құжаттарды беру туралы өтінішке, сондай-ақ алушының нақты мекен-жайы және құжаттар атауы көрсетілу керек.

4. Өтініште тиісті лауазымды адам қол қоюы керек және сұрау салушы әділет мекемесінің елтаңбалы мөрімен бекітілуі керек.

8-бап

Орындау тәртібі

1. Құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті орындау кезінде сұрау салынған әділет мекемесі өз мемлекетінің заңдарын қолданады. Өтініш берген әділет мекемесінің өтініші бойынша ол сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың іс жүргізу қалыптарын да, егер олар сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңдарына қайшы келмесе, қолдана а л а д ы .

2. Егер сұрау салынған әділет мекемесі құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті орындауға құзыретті болмаса, ол өтінішті құзыретті мекемеге жолдайды және бұл туралы сұрау салған әділет мекемесіне хабарлайды.

3. Егер бұған сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңдары жол берсе, сұрау салған әділет мекемесі оның және мүдделі тараптардың өтініштің орындалу уақыты мен орны туралы оған және мүдделі тараптарға хабарлайды.

4. Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелері құқықтық көмек туралы өтініштердің өз уақытында және толық орындалуы үшін тиісті шаралар қабылдайды. Өтініш орындалған соң әділет мекемесі қажет болған жағдайда құқықтық көмек көрсету туралы өтінішке қоса берілген құжаттарды сұрау салған әділет мекемесіне қ а й т а р а д ы .

5. Осы Шарттың 19-бабына сәйкес құқықтық көмек көрсетіле алмайтын жағдайда сұрау салынған әділет мекемесі сұрау салушы мекемеге құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті және қоса берілген құжаттарды қайтарады.

9-бап

Куәларды, азаматтық талапкерлерді, азаматтық жауапкерлерді, олардың өкілдерін, с а р а п ш ы л а р д ы ш а қ ы р т у

1. Алдын ала тергеуге немесе бір Уағдаласушы Тараптың аумағындағы сотта іс қарауға қатысу қажеттігі жағдайында басқа Уағдаласушы Тараптың аумағындағы куәлар, жәбірленушілер, азаматтық жауапкерлер, олардың өкілдері, сарапшылар ш а қ ы р ы л а д ы .

2. Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі берген шақыру бойынша сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесіне келген куә, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, сондай-ақ сарапшы өздерінің азаматтығына қарамастан, аталған Уағдаласушы Тарап аумағында оның мемлекеттік шекарасынан өткенге дейін жасалған қандай да бір қылмысқа байланысты қылмыстық

немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды, қамауға алынбайды немесе жазаланбайды. Бұл адамдар тергеу мәні болып табылатын іс бойынша олардың берген көрсетулері немесе сарапшы ретінде берген қорытындыларына байланысты қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды. Қамауға алынбайды немесе жазаланбайды.

3. Осы баптың 2-тармағында аталған адамдар, егер олардан жауап алушы әділет мекемесі олардың қатысуы одан әрі қажет емес деп хабарлаған күннен бастап екі жеті өткен соң олар бұл үшін мүмкіндігі бола тұра сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың аумағынан кетпесе, осы тармақта көзделген кепілдіктерінен айырылады. Бұл мерзімге бұл адамдардың басқалардың кінәсінен сұрау салушы Уағдаласушы Тарап аумағынан кетпе алмаған уақыты қосылмайды.

4. Уағдаласушы Тараптың куәсіне, сарапшысына, сондай-ақ жәбірленуші мен оның заңды өкіліне жұмыстан қол үзген күндер үшін төленбеген еңбекақыны қосқанда жол жүруге және сұрау салушы мемлекет аумағында болуға байланысты шығындардың орны толтырылады. Сарапшының, сондай-ақ сарап жүргізгені үшін ақы алуға құқығы бар. Шақыруда шақырылған адамдардың қандай төлемдер алуға құқылы екендігі де көрсетілуге тиіс. Бұндай адамдардың өтініші бойынша сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың әділет мекемелері тиісті шығындардың орнын толтыруға аванс төлейді.

5. Бір Уағдаласушы Тарап аумағында тұратын жәбірленушіні, азаматтық талапкерді және азаматтық жауапкерді, куәні немесе сарапшыны басқа Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемесіне шақыруда келмеген жағдайда күштеу шараларын қолдану қаупі болмауға тиіс.

10-бап

Құжаттарды беру тәртібі

1. Егер беріліп отырған құжаттар осы мемлекеттің тілінде жасалған болса және тиісті түрде куәландырылған аудармасы болса, сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемелері құжаттарды беруді өтінішке және аталған Уағдаласушы Тарап аумағында қолданылатын ережелерге сәйкес жүзеге асырады. Олай болмаса, егер ол оларды қабылдауға ерікті түрде келіссе, құжаттарды алушыға береді.

2. Тапсыруға арналған құжаттардың аудармасының дұрыстығын растауды өтініш беретін әділет мекемесі, не Уағдаласушы Тараптардың бірінің дипломатиялық немесе консулдық өкілі жүргізеді.

3. Егер құжаттар өтініште көрсетілген мекен-жай бойынша беріле

алмайтын болса, сұрау салынған әділет мекемесі өз мемлекетінің заңдарына сәйкес мекен-жайды анықтау үшін қажетті шаралар қабылдайды. Мекен-жайды анықтау мүмкін болмаған жағдайда сұрау салынған әділет мекемесі бұл жөнінде сұрау салушы әділет мекемесіне хабарлайды және берілуге тиіс құжаттарды оған қайтарады.

11-бап

Құжаттардың берілуін растау

Құжаттардың берілуін растау сұрау салынған Уағдаласушы Тарап аумағында қолданылатын ережелерге сәйкес ресімделеді. Растауда беру әдісі, орны және уақыты, сондай-ақ құжаттар берілген адам көрсетілуге тиіс. Құжаттардың берілгендігін растау сұрау салушы әділет мекемесіне жолданады.

12-бап

Дипломатиялық өкілдіктердің және консулдық мекемелердің өкілеттіктері

Уағдаласушы Тараптар өздерінің дипломатиялық өкілдіктері немесе консулдық мекемелері арқылы құжаттар беруге және басқа Уағдаласушы Тарап аумағында орналасқан өз азаматтарынан жауап алуға құқылы. Бұл жағдайда күштеу сипатындағы шаралар немесе оларды қолдану қаупі қолданыла алмайды.

13-бап

Құжаттардың жарамдылығы

1. Уағдаласушы бір Тараптың аумағында мекеме немесе осыған арнайы

өкілеттенген адам олардың құзыреттері шегінде және белгіленген нысанда дайындаған немесе куәландырған және елтаңбалық мөрмен бекіткен құжаттар басқа Уағдаласушы Тарап аумағында қандай да бір арнайы

куәландырусыз қабылданады.

2. Уағдаласушы Тараптың бірінің аумағында ресми құжаттар ретінде қаралатын құжаттар басқа Уағдаласушы Тарап аумағында ресми құжаттың дәлелді күшін пайдаланады.

14-бап

Азаматтық хал туралы құжаттарды және басқа құжаттарды жолдау

1. Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелері өтініш бойынша бір-біріне тікелей аудармасыз және ақысыз азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді, білімі, еңбек стажы туралы куәліктерді және өз мемлекеттері азаматтарының және Уағдаласушы Тараптар аумағында тұрақты тұратын адамдардың жеке немесе мүлдітік құқықтарына және мүдделеріне қатысты басқа да құжаттарды жолдайды.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған құжаттарды Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелері басқа Уағдаласушы Тарап аумағында тұратын мүдделі адамдарға олардың өтініштері бойынша аудармасыз және тікелей жолдай алады.

15-бап

Мекен-жайларды және басқа мағлұматтарды анықтау

1. Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелері өтініш бойынша бір-біріне, егер бұл азаматтардың құқықтарын жүзеге асыру үшін қажет болса, өз мемлекеттерінің заңдарына сәйкес Уағдаласушы Тараптар аумағында тұратын адамдардың мекен-жайларын анықтауда көмек көрсетеді. Бұл жағдайда сұрау салушы әділет мекемесі өтініште көрсетілген адамның мекен-жайын анықтауға көмектесе алатын онда бар мағлұматтарды хабарлайды.

2. Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелері сұрау салушы

Уағдаласушы Тараптың әділет мекемелері азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша мүлдітік талаптар қойған, сұрау салушы Уағдаласушы Тарап аумағында тұратын адамдардың азаматтық халін, жұмыс

орнын немесе кәсібін және табысын анықтауда бір-біріне көмек көрсетеді.

3. Осы бапқа сәйкес құқықтық көмек көрсету кезінде Уағдаласушы Тараптың әділет мекемелері бір-бірімен өздерінің орталық органдары арқылы да, тікелей де қатынас жасайды.

16-бап

Құқықтық мәселелер жөніндегі ақпарат

Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелерінің орталық органдары өтініш бойынша бір-біріне олардың мемлекеттерінде қолданылып жүрген немесе қолданылған заңдар туралы және оларды әділет мекемелерінің қолдану тәжірибесі туралы, сондай-ақ құқықтық мәселелер жөніндегі басқа да ақпараттарды ұсынады.

17-бап

Тілдер

1. Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелері осы Шартты орындау

кезіне бір-бірімен қатынас жасауда қазақ, өзбек және орыс тілдерін пайдаланады.

2. Егер осы Шартта өзгеше көзделмесе, сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың тілінде жолданатын құжаттарға сұрау салушы Уағдаласушы Тарап тіліне немесе орыс тіліне жасалған аударма қоса беріледі. Уағдаласушы Тараптар, сондай-ақ қажет болған жағдайларда қазақ және өзбек тілдеріндегі жазбаша және ауызша аударманы қамтамасыз етеді.

3. Құжаттардың жазбаша аудармасының дұрыстығын растау Уағдаласушы Тарап заңдарына және осы Шарт ережелеріне сәйкес жасалады.

18-бап

Құқықтық көмек көрсетуге байланысты шығындар

Сұрау салынған Уағдаласушы Тарап құқықтық көмек көрсету жөніндегі

шығындардың орнын толтыруды талап етпейді. Егер осы Шартта өзгеше көзделмесе, Уағдаласушы Тараптар олардың аумақтарында құқықтық көмек көрсету кезінде пайда болған барлық шығындарды өздері көтереді.

19-бап

Құқықтық көмек көрсетуден бас тарту

1. Егер құқықтық жәрдем туралы өтінішті орындау адам құқықтарының бұзылуына әкеп соғатын, мемлекеттің егемендігіне немесе қауіпсіздігіне залал келтіретін, не сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңдарына қайшы келетін болса, оны қанағаттандырудың толық немесе ішінара бас тартылуы мүмкін.

2. Өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімді қабылдаған жағдайда сұрау салушы Уағдаласушы Тарап бас тарту себептерін көрсете отырып, ол жайлы жазбаша түрде хабарлайды.

II тарау. Азаматтық және отбасы істері жөніндегі құқықтық қатынастар

1-бөлім. Құзырет

20-бап

Жалпы ережелер

1. Егер осы тараудың II-Ү бөлімдерінде өзгеше белгіленбесе, Уағдаласушы Тараптың біреуінің аумағында тұрғылықты жері бар адамдарға қойылатын талаптар олардың азаматтығына қарамастан, соның аумағында заңды тұлғаны басқару органы, оның өкілдігі не филиалы орналасқан осы Уағдаласушы Тараптың соттарына қойылады.

2. Әрбір Уағдаласушы Тараптың соттары оның аумағында:
а/ жауапкер кәсіпорынның /филиалының/ сауда-саттық, өнеркәсіптік немесе өзге шаруашылық қызметі жүзеге асырылған;
б/ даудың мәнісі болып табылатын шарттан туындайтын міндеттемеге орындалған немесе толық не ішінара орындалуға тиіс болған;

в/ ар-намысын, абыройы мен іскер атағын қорғау туралы талап бойынша талапкердің тұрақты орны немесе орналасқан жері болған жағдайда құзыретті.

3. Жылжымайтын мүлікке меншік құқығы және де өзге заттық құқықтар туралы талаптар бойынша тек мүлік орналасқан жердегі соттар ғана құзыретті. Жүктерді, жолаушылар мен багажды тасымалдау шартынан туындайтын тасымалдаушыларға қойылатын талаптар оған белгіленген тәртіпте наразылық қойылған көлік ұйымы басқармасының орналасқан жерінде қойылады.

21-бап

Шарттық сотқа жататындық

1. Егер тараптардың дауды осы соттарға беру туралы жазбаша келісімі болса, Уағдаласушы Тараптардың соттары істерді басқа жағдайларда да қарай алады. Мұндай 20-баптың 3-тармағынан және осы тараудың II-Ү бөлімдерімен белгіленген басқа қалыптардан, сондай-ақ тиісті Уағдаласушы Тараптың заңдарынан туындайтын ерекше құзыреттің Тараптардың келісімімен өзгертілуі мүмкін емес.

2. Дауды беру туралы келісім болған кезде сот жауапкердің өтініші бойынша іс бойынша сот ісін тоқтатады.

22-бап

Сот процестерінің өзара байланысы

1. Уағдаласушы екі Тараптың да соттарында сол тараптар арасында сол мән туралы және сол негіздер жөніндегі іс бойынша іс қозғалған жағдайда істі кейінірек қозғаған сот іс жүргізуді тоқтатады.

2. Уағдаласушы Тараптардың келісімі бойынша бұрын іс қозғаған сот, сондай-ақ, егер бұл іс басқа сотта тезірек әрі жан-жақты қаралады деп танылса, оның ішінде дәлелдің көп бөлігі орналасқан жер бойынша, іс бойынша іс жүргізу тоқтатылады.

3. Негізгі талаптағы құқық қатынасынан туындайтын қарсы талап және есепке алу туралы талаптар негізгі талапты қарап жатқан сотта қаралуға жатады.

23-бап

Құқық қабілеттілігі және әрекет қабілеттілігі

1. Жеке адамның әрекет қабілеттілігі осы адам азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдарымен айқындалады.
2. Азаматтығы жоқ адамның әрекет қабілеттілігі оның тұрақты тұратын жері бар елдің құқығы бойынша айқындалады.
3. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі ол аумағында құрылған Уағдаласушы Тараптың заңдарымен айқындалады.

24-бап

Әрекет қабілеті шектеулі немесе әрекет қабілеті жоқ деп тану.

Әрекет қабілеттілігін қалпына келтіру

1. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, адамды әрекет қабілеті шектеулі немесе әрекет қабілеті жоқ деп тану туралы істер бойынша осы адам азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың соты құзыретті.

2. Егер бір Уағдаласушы Тараптың сотына оның аумағында тұрақты тұратын басқа Уағдаласушы Тараптың азаматы болып табылатын адамның әрекет қабілеті шектеулі немесе әрекет қабілеті жоқ деп тану негіздері мәлім болса, ол бұл адам соның азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың сотына ол жайлы хабарлайды.

3. Егер әрекет қабілеті шектеулі немесе әрекет қабілеті жоқ деп тануға негіздер туралы хабардар етілген Уағдаласушы Тараптың соты үш ай аралығында істі бастамаса немесе әрекет қабілеті жоқ деп тану туралы істі оның аумағында бұл азаматтың тұрақты тұратын жері бар Уағдаласушы Тараптың соты қарайтын болады. Адамды әрекет қабілеті шектеулі немесе әрекет қабілеті жоқ деп тану туралы істі оның аумағында бұл азаматтың тұрақты тұратын жері бар Уағдаласушы Тараптың құзыретті с о т ы н а ж і б е р і л е д і .

4. Осы баптың 1-3-тармақтарының ережелері әрекет қабілетін қалпына келтіруге де қ о л д а н ы л а д ы .

5. Осы баптың 1-3-тармақтарымен көзделген және кідіртуге болмайтын жағдайларда адамды не оның мүлкін қорғауға қажетті шараларды осы адам тұратын Уағдаласушы Тараптың соты өз бетінше қабылдай алады. Осы шараларға байланысты қабылданған өкімдер осы адам азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың сотына жіберіледі. Бұл өкімдер, егер осы Уағдаласушы Тараппен өзгеше қаулы етілсе ж о й ы л а д ы .

6. Азаматты шектеулі, әрекет қабілетті немесе әрекет қабілетсіз деп тану туралы істер әрбір Уағдаласушы Тараптардың соттары арқылы прокурордың міндетті қ а т ы с у ы м е н қ а р а л а д ы .

25-бап

Хабар-ошарсыз жоқ болып кеткен деп тану
және қаза болған деп жариялау.
Қайтыс болу фактісін анықтау

1. Адамды хабар-ошарсыз жоқ болып кеткен деп тану немесе қаза болған деп жариялау туралы істер бойынша және қайтыс болу фактісін анықтау туралы істер жөніндегі соңғы мағлұматтар бойынша адам тірі болған кезде азаматы болған Уағдаласушы Тараптың соттары, ал басқа адамдарға қатысты адамның соңғы тұратын жері бойынша әділет мекемелері құзыретті.

2. Әрбір Уағдаласушы Тараптың соттары басқа Уағдаласушы Тараптың азаматын және оның аумағында тұратын өзге адамды, оның аумағында тұратын, құқықтары мен мүдделері осы Уағдаласушы Тараптың заңдарына негізделген мүдделі адамдардың өтініші бойынша хабар-ошарсыз жоқ болып

кеткен немесе қаза болған деп тануы, сондай-ақ оның қайтыс болу фактісін анықтауы мүмкін.

3. Хабар-ошарсыз жоқ болып кеткен деп тану немесе қаза болған деп жариялау туралы істерді және қайтыс болу фактісін анықтау туралы істерді қарау кезінде Уағдаласушы Тараптардың соттары өз мемлекетінің заңдарын қолданады.

III бөлім. Отбасы істері

26-бап

Неке қию

1. Неке қию шарттары некелесуші адамдардың әрқайсысы үшін азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдарымен, ал азаматтығы жоқ адамдар үшін олардың тұрақты тұратын жері болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдарымен белгіленеді. Осыған қоса неке қиюға кедергілерге қатысты неке аумағында қиылатын Уағдаласушы Тарап заңдарының талаптары сақталуға тиіс.

2. Неке қию түрі неке қиылатын аумақтағы Уағдаласушы Тараптың заңдарымен айқындалады.

27-бап

Ерлі-зайыптылардың құқықтық қатынастары

1. Ерлі-зайыптылардың жеке және мүліктік құқықтық қатынастары оның аумағында ортақ тұрғылықты жері бар Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша белгіленеді.

2. Егер ерлі-зайыптылардың біреуі бір Уағдаласушы Тараптың аумағында, ал екіншісі басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында тұратын болса және мұнда ерлі-зайыптылардың екеуінде де бір азаматтық болса, олардың жеке және мүліктік құқықтық қатынастарды олар азаматтары болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдарымен белгіленеді.

3. Егер ерлі-зайыптылардың біреуі бір Уағдаласушы Тараптың азаматы, ал екіншісі басқа Уағдаласушы Тараптың азаматы болып табылса және олардың біреуі бір Уағдаласушы Тараптың аумағында, ал екіншісі басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында тұратын болса, онда олардың жеке және мүліктік құқықтық қатынастары, аумағында олардың ортақ тұрғылықты жері болған Уағдаласушы Тараптың заңдарымен белгіленеді.

4. Егер осы баптың 3-тармағында аталған адамдардың Уағдаласушы Тараптардың аумағында ортақ тұрғылықты жері болмаса, істі мекемесі қарайтын Уағдаласушы Тараптың заңдары қолданылады.

5. Ерлі-зайыптылардың жылжымайтын мүлікке қатысты олардың құқықтық қатынастары осы мүлік аумағында орналасқан Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша белгіленеді.

6. Ерлі-зайыптылардың жеке және мүлiктiк құқықтық қатынастары туралы iстер бойынша заңдары осы баптың 1-3, 5-тармақтарына сәйкес қолдануға жататын Уағдаласушы Тараптың мекемелері құзыреттi.

28-бап

Неке бұзу

1. Неке бұзу туралы iстер бойынша арыз беру сәтiнде ерлі-зайыптылар соның азаматтары болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдары қолданылады.

2. Егер ерлі-зайыптылардың бiреуi бiр Уағдаласушы Тараптың азаматы, ал екiншiсi басқа Уағдаласушы Тараптың азаматы болып табылса, мекемесi неке бұзу туралы iстi қарайтын Уағдаласушы Тараптың заңдары қолданылады.

29-бап

Уағдаласушы Тараптар әдiлет мекемелерiнiң құзыреттiгi

1. 28-баптың 1-тармағымен көзделген жағдайда неке бұзу туралы iстер бойынша ерлі-зайыптылардың екеуi да аумағында тұратын Уағдаласушы Тараптың мекемелері құзыреттi. Егер ерлі-зайыптылардың бiреуi бiр Уағдаласушы Тараптың аумағында тұрса, неке бұзу туралы iстер бойынша ерлі-зайыптылар аумақтарында тұратын екi Уағдаласушы Тараптың да мекемелері құзыреттi.

2. По делам о расторжении брака в случае, предусмотренном

пунктом 2 статьи 28, компетентны учреждения юстиции Договаривающейся Стороны, на территории которой проживают оба супруга. Если один из супругов проживает на территории одной Договаривающейся Стороны, а второй - на территории другой Договаривающейся Стороны, по делам о расторжении брака компетентны учреждения юстиции обеих Договаривающихся Сторон, на территориях которых проживают супруги.

(29-баптың 2-тармағының қазақша аудармасы жоқ)

30-бап

Некені жарамсыз деп тану

1. Некені жарамсыз деп тану туралы істер бойынша неке қию кезінде 26-бапқа сәйкес қолданылған Уағдаласушы Тараптың заңдары қолданылады.

2. Некені жарамсыз деп тану туралы істер жөніндегі мекемелердің құзыреттігі 29-бапқа сәйкес белгіленеді.

31-бап

Әкелікті немесе аналықты анықтау және даулау

Әкелікті немесе аналықты анықтау және даулау, тууы бойынша бала азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдарымен белгіленеді.

32-бап

Ата-аналар мен балалар арасындағы құқықтық қатынастар

1. Ата-аналар мен балалар арасындағы құқықтық қатынастар олар аумағында бірге тұратын Уағдаласушы Тараптың заңдарымен айқындалады.

2. Егер ата-аналардың не балалардың бірінің тұратын жері басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында болса, онда олардың арасындағы құқықтық қатынастар бала азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдарымен айқындалады.

3. Кәмелетке толған балалардан алимент өндіріп алу туралы істер бойынша аумағында алимент алуға талаптанатын адамның тұратын жері бар Уағдаласушы Тараптың заңдары қолданылады.

4. Ата-аналар мен балалар арасындағы құқықтық қатынастар туралы істер бойынша заңдары осы баптың 1, 2, 3 және 4 тармақтарына сәйкес қолдануға жататын Уағдаласушы Тараптың соты құзыретті.

33-бап

Қамқоршылық пен қорғаншылық

1. Қамқоршылық немесе қорғаншылықты белгілеу немесе жою қамқоршылық немесе қорғаншылық соған қатысты белгіленетін немесе жойылатын адам азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша жасалады.

2. Қамқоршы немесе қорғаншы мен қамқорлықтағы немесе қорғаншылықтағы адам арасындағы құқықтық қатынастар мекемесі қамқоршыны немесе қорғаншыны тағайындаған Уағдаласушы Тараптың заңдарымен реттеледі.

3. Қамқорлықты немесе қорғаншылықты қабылдау міндеті қамқоршы немесе қорғаншы болып тағайындалатын адам азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдарымен белгіленеді.

4. Бір Уағдаласушы Тараптың азаматы болып табылатын адамның қамқоршысы немесе қорғаншысы болып, егер ол қамқоршылық немесе қорғаншылық жүзеге асырылатын Тараптың аумағында тұрса, басқа Уағдаласушы Тараптың азаматы сайлануы мүмкін.

34-бап

Уағдаласушы Тараптар мекемелерінің қамқоршылық
және қорғаншылық мәселелеріндегі құзыреттігі

Қамқоршылық пен қорғаншылықты белгілеу немесе жою туралы істер бойынша, егер осы Шартпен өзгеше белгіленбесе, қамқоршылық немесе қорғаншылық соған қатысты белгіленетін немесе жойылатын адам азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың мекемелері құзыретті.

35-бап

Қамқоршылық пен қорғаншылық бойынша
шаралар қолдану тәртібі

1. Бір Уағдаласушы Тараптың аумағында тұратын, жүретін немесе мүлкі орналасқан басқа Уағдаласушы Тарап азаматының мүдделерінде қамқоршылық пен қорғаншылық бойынша шаралар қолдану қажеттілігі жағдайында осы Уағдаласушы Тараптың мекемесі 34-бапқа сәйкес құзыретті мекемені кідіртусіз хабардар етеді.

2. Кідіртуге болмайтын жағдайлардан басқа Уағдаласушы Тараптың мекемесі өз

заңдарына сәйкес қажетті уақытша шараларды өзі қабылдай алады. Мұнда ол 34-бапқа сәйкес құзыретті мекемені бұл жайлы кідіртусіз хабардар етуге міндетті. Бұл шаралар 34-бапта аталған өзге шешім қабылдағанға дейін күшін сақтайды.

36-бап

Қамқоршылық пен қорғаншылықты беру тәртібі

1. 34-бапқа сәйкес құзырлы мекеме басқа Уағдаласушы Тараптың мекемесіне, егер қамқоршылық пен қорғаншылықтағы адамның осы Уағдаласушы Тараптың аумағында тұратын жері, келген жері немесе мүлкі болған жағдайда қамқоршылық пен қорғаншылықты бере алады. Қамқоршылықты немесе қорғаншылықты беру сауал қоюшы мекеме өзіне қамқоршылықты немесе қорғаншылықты алған және бұл жөнінде сауал қойылған мекемені хабарлаған сәттен күшіне енеді.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес қамқоршылықты немесе қорғаншылықты қабылдаған мекеме оларды өз мемлекетінің заңдарына сәйкес жүзеге асырады. Оның қамқоршылықтағы немесе қорғаншылықтағы адамның жеке мәртебесіне қатысты мәселелер бойынша шешімдер шығаруға құқығы жоқ, бірақ егер бұл адам азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша қажет болса, некеге отыруға рұқсат береді.

37-бап

Б а л а а с ы р а п а л у

1. Бала асырап алу немесе оны жою бала асырап алу немесе оны жою туралы арыз беру кезінде бала асырап алушы азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдарына бойынша белгіленеді.

2. Егер бала басқа Уағдаласушы Тараптың азаматы болып табылса, бала асырап алу немесе оны жою кезінде заңды өкілдің және құзыретті мемлекеттік органның келісімін, сондай-ақ егер бұл бала азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша талап етілетін болса, баланың келісімін алу қажет.

3. Егер баланы біреуі бір Уағдаласушы Тараптың азаматы болып табылатын

ерлі-зайыптылар асырап алса, бала асырап алу немесе оны жою екі Уағдаласушы Тараптың да заңдарымен көзделген шарттарға сәйкес жасалуға тиіс.

4. Бала асырап алу немесе оны жою туралы істер бойынша, бала

асырап алу немесе оны жою туралы арыз беру кезінде асырап алушы азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың мекемесі құзыретті, ал осы баптың 3-тармағымен көзделген жағдайда аумағында ерлі-зайыптылардың соңғы тұратын немесе жүретін жері болған немесе бар Уағдаласушы Тараптың мекемесі құзыретті.

IV бөлім. Мүліктік құқықтық қатынастар

38-бап

Меншік құқығы

1. Жылжымайтын мүлікке меншік құқығы жылжымайтын мүлік аумағында орналасқан Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша белгіленеді. Қандай мүліктің жылжымайтын болып табылатындығы туралы мәселе осы мүлік аумағында орналасқан мемлекеттің заңдарына сәйкес шешіледі.

2. Мемлекеттік тізбелерге енгізуге жататын көлік құралына меншік құқығы көлік құралын тіркеуді жүзеге асырған орган аумағында орналасқан Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша белгіленеді.

3. Меншік құқығының пайда болуы мен тоқтатылуы немесе басқа

мүлікке заттық құқық мұндай құқықтың пайда болуына немесе тоқтатылуына негіз болған әрекет немесе басқа жағдай туған сәттегі мүлік тұрған Уағдаласушы Тараптың заңы белгілейді.

4. Меншік құқығының пайда болуы мен тоқтатылуы немесе келісім мәні болып табылатын мүлікке басқа да заттық құқық, егер тараптар келісімінде өзгеше көзделмесе, келісім жасалған жердің заңдары бойынша айқындалады.

39-бап

Келісім түрі

1. Келісім түрі ол жасалған жердің заңымен айқындалады.
2. Жылжымайтын мүлік жөніндегі келісім түрін және оған құқықты мұндай мүлік аумағында тұрған Уағдаласушы Тараптың заңы айқындайды.

40- бап

Сенімхат

Сенімхат түрі мен әрекет мерзімі сенімхат берілген аумақтағы Уағдаласушы Тараптың заңы бойынша айқындалады.

41-бап

Келісім жөніндегі тараптардың құқықтары мен міндеттері

Келісім жөніндегі тараптардың құқықтары мен міндеттері егер тараптардың келісімімен өзгеше көзделмесе, ол жасалған жердің заңы бойынша айқындалады.

42-бап

Залалды өтеу

1. Шарттардан және басқа заңды әрекеттерден туындайтын залалды өтеу туралы міндеттемелер аумағында залалдың орнын толтыру жөніндегі талап қою үшін негіз болған әрекет немесе өзге жағдай болған Уағдаласушы Тараптың заңымен а й қ ы н д а л а д ы .

2. Егер зиян келтіруші мен жәбірленуші бір Уағдаласушы Тараптың азаматтары болса, осы Уағдаласушы Тараптың заңы қолданылады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында аталған істер жөнінде аумағында залалдың орнын толтыру туралы талап қою үшін негіз болған әрекет немесе өзге жағдай болған Уағдаласушы Тараптың соты құзырлы. Жәбірленуші, сондай-ақ аумағында жауапкердің мекен-жайы орналасқан Уағдаласушы Тараптың сотына талап қоя алады.

43-бап

Талап мерзімі

Талап мерзімі мәселелері сәйкес құқықтық қатынастарды реттеу үшін қолданылатын заң бойынша шешіледі.

V тарау. Мұрагерлік

44-бап

Теңдік принципі

Әрбір Уағдаласушы Тараптың азаматтары осы Уағдаласушы Тараптың азаматтары сияқты бірдей шарттар мен сол көлемдегі заң бойынша немесе өсиет бойынша мүлікке немесе құқыққа ие.

45-бап

Мұрагерлік құқығы

1. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайдан басқа мүлікке иелік ету құқығы мұра берушінің соңғы тұрған жеріндегі аумақтағы Уағдаласушы Тараптың заңы бойынша айқындалады.

2. Жылжымайтын мүлікке иелік ету құқығы аумағында осы мүлік тұрған жердегі Уағдаласушы Тараптың заңы бойынша айқындалады.

46-бап

Мұраның мемлекетке ауысуы

Егер мұра ету кезінде қолданылуға жататын Уағдаласушы Тараптың заңы бойынша мемлекет мұрагер болып табылса, жылжитын мұралық мүлік мұра беруші қайтыс болған кездегі Уағдаласушы Тарапқа ауысады, ал жылжымайтын мұралық мүлік ол орналасқан аумақтағы Уағдаласушы Тарапқа ауысады.

47-бап

Өсиет

Өсиетті жасауға және жоюға адамның қабілеті, сондай-ақ өсиеттің түрі мен оны жою өсиет қалдырушының акт жасау кезінде тұрған жеріндегі сол мемлекеттің құқығы бойынша айқындалады. Әйтсе де өсиет немесе оны жою, егер соңғысы оны жасау жерінің құқық талаптарын қанағаттандырса, түрін сақтамау салдарынан жарамсыз деп танылмайды.

48-бап

Мұрагерлік туралы істер жөніндегі құзырет

1. Жылжитын мүлікке мұралық туралы істер жөніндегі іс жүргізуге

мұра қалдырушының қайтыс болу сәтінде тұрған жеріндегі аумақтағы Уағдаласушы Тараптың мекемелері жүргізуге құзырлы.

2. Жылжымайтын мүлікке мұралық істер іс жүргізуге мүлік орналасқан аумақтағы Уағдаласушы Тараптың мекемелері жүргізуге құзырлы.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарындағы ережелер, сондай-ақ мұралық туралы істер жөніндегі іс жүргізуге байланысты туындайтын дауларды қарау кезінде қолданылады.

49-бап

Мұралық туралы істер жөніндегі дипломатиялық өкілдіктің немесе консулдық мекеменің құзыреті

Мұралық туралы істер, оның ішінде мұралық даулар бойынша әрбір Уағдаласушы Тараптың өкілдері немесе консулдық мекемелер, егер олар болмаса немесе өкіл тағайындамаса, өз мемлекетінің азаматтарының басқа Уағдаласушы Тарап мекемелерінде арнаулы сенімхатсыз мұралықтан бас тарту құқығын басқа, ұсынуға құзырлы.

50-бап

Мұраны қорғау жөніндегі шаралар

1. Уағдаласушы Тараптардың мекемелері өз заңына сәйкес басқа Уағдаласушы Тараптың азаматтарымен олардың аумағында қалдырылған мұраны қорғауды қамтамасыз ету үшін немесе оларды басқару үшін қажетті шараларды қабылдайды.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес қабылданған шаралар туралы мұра қалдырушы азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекеме осы шараларды жүзеге асыруға қатыса алады.

3. Мұралық туралы іс бойынша іс жүргізуге құзырлы әділет мекемесінің, сондай-ақ дипломатиялық өкілдіктің немесе консулдық мекеменің өтініші бойынша осы баптың 1-тармағына сәйкес қабылданған шаралар өзгертілуі, жойылуы немесе кейінге қалдырылуы мүмкін.

51-бап

Мұраны беру

1. Егер жылжитын немесе жылжымайтын мүлікті сатудан түскен жылжитын мұралық мүлік немесе ақша сомасы тұратын немесе келген жері басқа Уағдаласушы Тараптың аумағындағы мұрагерлерге тиісті болса, онда мұралық мүлік немесе түскен ақша сомасы осы Уағдаласушы Тараптың дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне беріледі.

2. Мұралық туралы істер жөніндегі құзырлы мекеме дипломатиялық өкілдікке немесе консулдық мекемеге мұралық мүлікті беру туралы өкім береді.

3. Бұл мүлік, егер:

а/ мұралық мүлік орналасқан жердегі Уағдаласушы Тараптың заңымен

белгіленген мерзімде мәлімделген мерзімде мұра қалдырушының кредиторларының барлық талаптары төленсе немесе қамтамасыз етілсе;

б/ мұра етуге байланысты барлық алымдар төленсе немесе қамтамасыз етілсе;

в/ егер бұл қажет болса, құзырлы мекемелер мұралық мүлікті шығаруға рұқсат берсе, мұрагерлерге беріледі.

4. Ақша сомаларын аудару Уағдаласушы Тараптың аумағында қолданылып жүрген заңға сәйкес жүргізіледі.

III тарау. Шешімдерді тану және орындау

52-бап

Шешімдерді тану және орындау

Уағдаласушы Тараптардың әрбірі осы Шартпен көзделген шарттар да басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында шығарылған заңды күшіне енген мына шешімдерді таниды және орындайды:

а/ ақша міндеттеріне /әрі қарай шешімдер/ қатысты осындай істер мен нотариалдық актілер бойынша сотпен бекітілген әлемдік келісімді қоса;

б/ қылмыспен келтірілген залалды өтеу бөлігіндегі қылмыстық істер жөніндегі сот үкімдері.

53-бап

Орындауды талап етпейтін шешімдерді тану

1. Өзінің сипаты бойынша орындауды талап етпейтін әрбір

Уағдаласушы Тараптың әділет мекемелерімен шығарылған және заңды күшіне енген шешімдері, егер мына шартта:

а/ сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемелері осы іс бойынша бұрын заңды күшіне енген шешім шығармаса;

б/ осы шартқа сәйкес, ал олармен көзделмеген жағдайда аумағында шешім танылуға тиіс Уағдаласушы Тараптың заңына сәйкес іс осы Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесінің ерекше құзыретіне жатпаса, басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында танылады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері қамқоршылық пен қорғаншылық жөніндегі ережелерге, сондай-ақ азаматтық хал актілері жазу органдарымен шығарылған шешімдерге де қатысты.

54-бап

Шешімдерді ықтиярсыз орындауды шешу туралы қолдау хат

56-бап

Шешімдерді танудан және орындаудан бас тарту

52-бапта көзделген шешімдерді танудан және ықтиярсыз орындауға шешім беруден, егер:

- а/ шешім заңды күшіне енгенше орындалуға жататын жағдайлардан басқа ол заңды күшіне енбесе немесе орындалуға жатпаса, аумағында шешім шығарылған Уағдаласушы Тараптың заңына сәйкес;
- б/ жауапкер оған немесе оның өкіліне уақытында және тиісті түрде

сотқа шақыру тапсырмау салдарынан процеске қатыспаса;

- в/ осы Шарттың ережелеріне сәйкес, ал олармен көзделмеген жағдайларда аумағында шешім танылуға және орындалуға тиіс Уағдаласушы Тараптың заңына сәйкес іс оның мекемесінің ерекше құзыретіне жатады;

- г/ шарттық қылмыстық туралы тараптардың келісімін растайтын құжат болмаса;

- д/ соты шешімді тану және орындау туралы қолдау хатты қарайтын Уағдаласушы Тараптың заңымен көзделген ықтиярсыз орындаудың талап мерзімі өтіп кетсе, бас тартылуы мүмкін.

IV тарау. Қылмыстық істер жөніндегі құқықтық көмек

I бөлім. Ұстап беру

57-бап

Ұстап беру міндеті

Уағдаласушы Тараптар осы Шартта көзделген шарттарға сәйкес өтініш бойынша сауал қойылған мемлекет олардың аумағындағы ұстап беруге тартылатын құқық бұзушылықтар жауапкершілігі үшін қылмыстық жазаға тарту мақсатында іздестірілетін адамдарды не осындай құқық бұзушылыққа байланысты үкімді орындау үшін ұстап беруге міндеттенеді.

58-бап

Ұстап беруге соқтыратын құқық бұзушылықтар

1. Осы Шарттың мақсаты үшін ұстап беруге соқтыратын құқық бұзушылықтар сауал қойылған және сауал қоюшы Уағдаласушы Тараптардың заңдарына сәйкес бір жылдан жоғары мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе одан да ауыр жазамен жазаланатын құқық бұзушылықтар болып табылады.

2. Осы баптың 1-тармағымен көзделген құқық бұзушылықтарға қатысты шығарылған үкімді орындау үшін ұстап беру, егер жазаның аяқталу мерзіміне кемінде алты ай қалса, жүргізіледі.

3. Қандай да бір құқық бұзушылық сауал қойылған және сауал қоюшы Уағдаласушы Тараптардың заңдарына сәйкес жазалануға жататын құқық бұзушылық болып табылатынын анықтаған жағдайда:

а/ осы құқық бұзушылықты құрайтын әрекет пен әрекетсіздік Уағдаласушы Тараптардың заңдарына сәйкес ұқсас құқық бұзушылық санатына жататындығы немесе осы құқық бұзушылық ұқсас терминмен белгіленбейтіндігі;

б/ сауал қойылған Уағдаласушы Тараппен келтірілетін бүкіл әрекет пен әрекетсіздіктің жиынтығына назар аударылатындықтан, осы құқық бұзушылықты құрайтын элементтері анықталатындығы ескерілмейді.

4. Егер ұстап беру туралы өтініш осы баптың 1-тармағымен көзделген шарттарға сәйкес келмейтін кейбір жекелеген құқық бұзушылықтың бәріне қатысты болмаса, онда талап етілетін адамды ұстап беру ең болмағанда осы құқық бұзушылықтың бірі өзіне ұстап беруді әкеп соқтыратын шартта ғана шешілуі мүмкін.

59-бап

Ұстап беруден бас тартуға негіздер

Е г е р :

а/ ұстап беру талап етілетін адам сауал қойылған Уағдаласушы Тараптың азаматы немесе осы мемлекетте оған баспана берілген адам болса. Осы негізде ұстап беруден бас тартқан жағдайда сауал қоюшы Уағдаласушы Тарап бұл жөнінде басқа Уағдаласушы Тарап өтінсе, ұстап беру туралы өтініш түскен адамға қатысты тиісті ш а р а л а р қ а б ы л д а й д ы ;

б/ сауал қоюшы Уағдаласушы Тараптың заңына сәйкес өтініш алған сәтте қылмыстық қудалау қозғалмайды немесе талап немесе кешірім мерзімінің өтуін қоса кез-келген заңды негіз бойынша үкім орындауға келтірілмейді;

в/ сауал қоюшы Уағдаласушы Тарап аумағында ұстап беру талап етілетін адамға қатысты сол құқық бұзушылық үшін заңды күшіне енген іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы үкім немесе қаулы шығарылса;

г/ ұстап беру туралы өтініш түскен құқық бұзушылық оның жалауы мен кемені немесе құқық бұзушылық жасалған сәттегі оның заңына сәйкес тіркелген әуе кемесін қоса сауал қоюшы Уағдаласушы Тараптың аумағында бүтіндей немесе жартылай жасалған құқық бұзушылық;

д/ ұстап беру туралы түскен өтінішке байланысты құқық бұзушылықты қылмыстық қудалау сауал қоюшы Уағдаласушы Тараптың ерекше құзыретіне енеді;

е/ ұстап беру туралы түскен өтінішке байланысты құқық бұзушылықты қылмыстық қудалау сауал қойылған және сауал қоюшы Уағдаласушы Тараптардың заңдарына сәйкес жәбірленушінің шағымы бойынша ғана қозғалуы мүмкін.

60-бап

Ұстап беру туралы өтініш және қажетті құжаттар

1. Ұстап беру туралы өтініш жазбаша түрде жіберіледі және ұстап беру талап етілетін адам туралы азаматтығы және тұратын жері және келген жері туралы мағлұматтарды қоса қажетті ақпаратты қамту керек.

2. Ұстап беру туралы өтініште барлық жағдайларда:

а/ осы адамның жеке басын анықтауға көмектесетін кез-келген басқа ақпаратқа суреті немесе өзге бейнелерін, сондай-ақ егер мұндай болса, қолының саусақтарының таңбасын қоса кез-келген басқа да ақпаратпен талап етілетін адамның дәл суреттемесі;

б/ осы құқық бұзушылық анықтаушы тиісті ереженің мәтіні, немесе бұл қажет болса, әрекетіне осы құқық бұзушылық тиетін сәйкес заңнан үзінді, және осы құқық бұзушылыққа соқтыратын жазаны суреттеу болу керек.

3. Егер талап етілетін адам құқық бұзушылықта айыпталатын болса, ұстап беру туралы өтінішке осы адамды қамауға алу /тұтқындауға рұқсат құжат/ қорытындысы туралы қаулының куәландырылған көшірмесіне жасалу уақыты мен орны, егер мұндай келтірілсе, материалдық залал туралы мағлұматтары қоса беріледі.

4. Егер талап етілетін адам құқық бұзушылықпен айыпталса, ұстап беру туралы өтінішке заңды күшіне енген үкімнің куәландырылған көшірмесі, немесе айыптау

бөлігін және шығарылған үкімді және, егер айыпталған адам жазаның бөлігін өтесе, өтелмеген бөліктің мағлұматтарын баяндаумен оның куәландырылған көшірмесі қоса беріледі.

5. Ұстап беру туралы өтініш және оған қоса берілетін құжаттар осы Шарттың 17-бап ережелеріне сәйкес жасалады.

6. Ұстап беру туралы өтініш талап етілетін адамның сауал қоюшы Уағдаласушы Тараптың аумағында орналасқан жері белгілі болған жағдайларда жіберіледі.

61-бап

Ұстап беру туралы өтінішке қатысты шешім

1. Сауал қоюшы Уағдаласушы Тарап ұстап беру туралы өтінішті онымен көзделген заң процедураларына сәйкес қарайды және өз шешімі туралы сауал қойылған Уағдаласушы Тарапқа кідірмей хабарлайды.

2. Өтінішті қанағаттандыру туралы шешім қабылданған жағдайда сауал қоюшы Уағдаласушы Тарап ұстап беру талап етілетін адамды қамауға алу шараларын дереу қабылдайды. Бұл адамды кідірмей қамауға алу жөніндегі факт туралы сауал қойылған Уағдаласушы Тарап хабарланады.

3. Ұстап беру туралы өтінішті қанағаттандырудан кез-келген толық немесе жартылай бас тарту сәйкес себептермен негізделеді.

62-бап

Қосымша ақпарат

1. Егер сауал қоюшы Уағдаласушы Тарап ұстап беру туралы өтініштің негізіне ұсынылған ақпаратты жеткіліксіз деп есептесе, ол оны белгілейтін осындай ақылға сыйымды мерзімде қосымша ақпарат ұсынуды талап етеді. Сауал қоюшы Уағдаласушы Тарап біруақытта оның өз шектерінен кетіп қалу мүмкіндігінің алдын алу үшін талап етілетін адамды бақылауды қамтамасыз етудің қажетті шараларын қабылдайды.

2. Осы баптың 1-тармағымен көзделген жағдайда сауал қойылған Уағдаласушы Тарап басқа Уағдаласушы Тарапқа ең төменгі мерзімде қосымша ақпаратты ұсыну

үшін қажетті шаралар қабылдайды.

63-бап

Ұстап беру туралы өтінішті алғанша ұстай тұру

1. Ұстап беру талап етілетін адамның жасырынбақ ойы болған немесе жасырынуға тырысу негіздері болған жағдайда сауал қойылған Уағдаласушы Тарап сауал қоюшы Тарапқа талап етілетін адамды ұстап беру туралы өтініш алғанша ұстай тұру туралы өтінішпен келе алады. Мұндай өтініш қылмыстық полицияның Халықаралық ұйымы арқылы немесе телеграфты, телексті, телефаксті, электрондық почтаны қоса мәтінде берудің техникалық құралдарын тікелей пайдаланумен берілуі мүмкін.

2. Мұндай өтініште талап етілетін адамды суреттеу, ұстап беру туралы өтініш жіберілетіндігі туралы арыз, тұтқынға алу /тұтқындауға рұқсат қағаз/ қорытындысы туралы қаулы немесе заңды күшіне енген үкім, әлі қанша мерзімдегі бөлікті атқару керектігі туралы мағлұматты қоса, осы құқық бұзушылық үшін тағайындалуы мүмкін немесе тағайындалған жаза туралы хабарлама, осы іс бойынша фактілерді қысқаша баяндау және талап етілетін адамның тұрған жері туралы хабарлама болу керек.

3. Сауал қоюшы Уағдаласушы Тарап осындай өтініш бойынша өз заңдарына сәйкес шешім қабылдайды және бұл жөнінде сауал қойылған Уағдаласушы Тарапқа дереу х а б а р л а й д ы .

4. Осындай өтініш негізінде ұсталған адам егер ұстап беру туралы өтініш түспесе, сауал қоюшы Уағдаласушы Тараптың заңдарымен көзделген мерзім өткенше б о с а т ы л а д ы .

5. Осы баптың 4-тармағына сәйкес адамды босату ұстап беру туралы және растайтын құжаттар туралы келесі өтініш алған жағдайда талап етілетін адамды ұстап беру мақсатымен қамауға алуға кедергі болмайды.

64-бап

Ұстап беру туралы өтініш алғанша қамауға алу

1. Осы Шарттың 63-бабымен көзделген өтініш негізінде қамауға алынған адам

ерекше жағдайда сауал қоюшы Уағдаласушы Тарап заңына сәйкес факсимильді байланыспен берілген қамауға алу қорытындысы туралы қаулы көшірмесі немесе заңды күшіне енген үкім, не одан айыптау бөлігін баяндаудың куәландырылған көшірмесін жаңа шығарылған үкімді сауал қоюшы Уағдаласушы Тараптың тіліне немесе орыс тіліне аудармасы жасалу керек.

2. Осы баптың 1-тармағымен көзделген жағдайда Уағдаласушы Тараптар сауал қойылған Уағдаласушы Тараптың тиісті ұстап беру туралы және растайтын құжаттарды ұсынуға тиісті уақыт кезеңіне келіседі. Сауал қоюшы Уағдаласушы Тарап, егер ұстап беру туралы өтініш Уағдаласушы Тараптармен келісілген уақыт кезеңіне түспесе, қамауға алынған адамды босатады.

65-бап

Ұстап беру талап етілетін адамды іздеуді жүзеге асыру

1. Уағдаласушы Тараптар осы Шарттың 58-бабына сәйкес ұстап беруге тартылатын құқық бұзушылықтар жасауда айыпталатын адамдарды іздеу өтініші бойынша мұндай адамдар сауал қоюшы Уағдаласушы Тараптың аумағында болуы мүмкін негіздері болған жағдайда ұстап беру туралы өтініш алғанша жүзеге асырады.

2. Іздеуді жүзеге асыру туралы өтініш осы Шарттың 7 және 17-баптарының ережелеріне сәйкес жасалады және барлық жағдайларда:

а/ оның жеке басы мен тұрған жерін анықтауға көмек беретін кез-келген басқа да ақпаратпен бірге іздейтін адамды мүмкіндігінше толық суреттеуді;

б/ жасалған құқық бұзушылық үшін ізделіп жатқан адамның құқық бұзушылығын анықтайтын сәйкес ережелердің мәтінін, әрекетіне осы құқық бұзушылық түсетін тиісті заңнан үзіндіні және осы құқық бұзушылыққа соқтыратын жазаны суреттеуді;

в/ қамауға алу қорытындысы туралы /қамауға рұқсат қағаз/ қаулы немесе заңды күшіне енген үкім туралы ақпаратқа, егер адам жазаның бөлігін өтесе, жазаның әлі қанша бөлігін өтеу керектігі туралы мағлұматтарды;

г/ оны тапқан жағдайда адамды ұстау туралы өтініш пен ұстап беру туралы өтініші жіберілгендігі туралы арызды қамту керек.

3. Іздеуді жүзеге асыру туралы өтінішке, ізделетін адамның, егер мұндайлар болса, қолының саусақтарының іздері, сондай-ақ талап етілуі мүмкін өзге де құжаттар немесе олардың көшірмелері қоса беріледі.

4. Сауал қоюшы Уағдаласушы Тарап іздеу туралы өтініш алу бойынша өз аумағында ізделетін адамның орналасқан жерін анықтауға және оны ұстауға шаралар

қабылдайды. Мұндай адамды ұстау фактісі туралы сауал қойылған Уағдаласушы
Тарапқа дереу хабарланады.

5. Осы баптың 3-тармағына сәйкес ұсталған адам, егер оны ұстау туралы өтініш ұстаған сәттен отыз сәтке ішінде түспесе, босатылу керек.

6. Осы баптың 4-тармағына сәйкес адамды ұстап беру және растаушы құжаттар туралы кейін өтініш алған жағдайда ұстап беру мақсатымен қайтадан ұстауға және қамауға алуға кедергі келтірмейді.

66-бап

Негізсіз ұстау және/немесе қамауға алу жауапкершілігі

1. Ұстап беру талап етілетін адамды негізсіз ұстау және/немесе қамауға алуды, егер:

а/ осы Уағдаласушы Тараппен ұстап беру туралы өтініш және осы

Шарттың 63, 64 және 65-баптарымен көзделген мерзімде тиісті құжаттар ұсынылмаса;

б/ егер осы Уағдаласушы Тарап ұстап беру талап етілетін адам сауал қоюшы Уағдаласушы Тараппен ұсталса немесе қамауға алынса ұстап беру туралы өтініштен бас тартса, сауал қойылған Уағдаласушы Тарап жауапты болады.

2. Осы баптың 1-тармағымен көзделген жағдайларда негізсіз ұстаумен және/немесе қамауға алумен келтірілген залалды өтеу

Уағдаласушы Тараптардың заңдарына және осы Шартпен көзделген шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

67-бап

Адамды беру

1. Ұстап беру туралы өтінішті қанағаттандыру туралы хабар алу бойынша
Уағдаласушы Тараптар қысқа мерзімде талап етілетін адамды берудің уақытын, орнын
және жөн-жосығын айқындайды.

2. Талап етілетін адамды ұстап беру жөн-жосығы сауал қоюшы және сауал қойылған Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелерінің өкілдерімен қол қойылатын екі данада беру туралы хаттама жасауды енгізуі керек. Қажет жағдайда сауал қойылған Уағдаласушы Тараптардың өкілдерінің өкілеттігі қажет жағдайда талап етілетін адамды беру Уағдаласушы Тараптар арасындағы алдын-ала келісімге сәйкес тиісті құжаттармен расталады.

3. Адам сауал қоюшы Уағдаласушы Тарап аумағынан осы Тараппен белгіленген ақылға сыйымды уақыт кезеңі ішінде қабылданады. Егер адам белгіленген уақыт кезеңінде қабылданбаса, сауал қоюшы Уағдаласушы Тарап бұл адамды босатады және осы құқық бұзушылыққа байланысты осы адамды беруден бас тартады.

4. Егер оған байланысты емес жағдайлардан қандай да бір Уағдаласушы Тарап ұстап беруге жататын адамды бере немесе қабылдай алмаса, онда ол бұл жөнінде басқа Уағдаласушы Тарапқа кідіртпей хабарлайды. Сауал қоюшы және сауал қойылған Уағдаласушы Тараптар берудің жаңа мерзімін бірігіп айқындайды, және бұл жағдайда осы баптың үшінші тармақ ережелері қолданылады.

68-бап

Ұстап беруді кейінге қалдыру немесе уақытша беру

1. Егер ұстап берілуі талап етілетін адам сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың аумағында басқа қылмыс үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылса немесе сотталған болса, оны ұстап беру қылмыстық қудалауды тоқтатқанға, үкімді орындағанға дейін немесе жазалаудан босатқанға дейін кейінге қалдырылуы мүмкін.

2. Егер осы баптың 1-тармағымен көзделген беруді кейінге қалдыру немесе уақытша беру ескілік мерзімінің өтіп кетуіне әкелуі немесе ұстап берілуі талап етілетін адамға қатысты тергеуге айтарлықтай зиян тигізуі мүмкін болса, онда сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап кейінге

қалдырудың орнына талап етілетін адамды сұрау салынатын және сұрау салушы Уағдаласушы Тараптар біріге белгілейтін жағдайларға сәйкес сұрау салушы Уағдаласушы Тарапқа уақытша бере алады.

3. Уақытша ұстап берілген адам ол ұстап берілген қылмыстық іс бойынша әрекеттер жасағаннан кейін, бірақ үш айдан кешіктірілмей қайтарылуға тиісті.

69-бап

Ұстап беру туралы үйлесетін өтініштер

Егер Уағдаласушы Тараптардың біреуі басқа Уағдаласушы Тараптан және қандай да бір үшінші мемлекеттен бір адамды бір мезгілде ұстап беру туралы өтініш алса, ол ұстап беру туралы қандай өтініш қанағаттандыруға тиіс екендігін өз қалауы бойынша белгілейді.

70-бап

Арнайы ереже

1. Осы Шартқа сәйкес ұстап берілетін адамға қатысты, егер сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың келісімі болмаса, соған байланысты ұстап берілген құқық бұзушылықтан басқа, оның берілгенге дейін жасаған кез келген құқық бұзушылығы үшін қылмыстық қудалау, үкім шығару жүзеге асырылмайды және сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың аумағында оның қандай да бір жеке еркіндігіне шек қ о й ы л м а й д ы .

2. Егер ұстап берілген адамның сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың аумағынан кетуге мүмкіндігі болмаса және бұл адам осыған байланысты ұстап берілген құқық бұзушылық үшін жауапкершіліктен толық босатылғаннан кейін бір ай ішінде кетіп қалмаса, немесе егер бұл адам бұрын кетіп қалып сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың аумағына өз еркімен қайтып келсе, осы баптың 1-тармағының ережесі қолданылмайды.

71-бап

Қайталанған беру

Егер ұстап берілген адам ол соған байланысты ұстап берілген құқық бұзушылық үшін жауапкершіліктен оны сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың аумағында толық босатқанға дейін сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың аумағына қайтып келсе, онда осы адамды қайтадан ұстап беру осы Шарттың 60, 62-баптарымен көзделген құжаттарды бермей-ақ өтініш бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

72-бап

Меншікті беру

1. Сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың заңдары мүмкіндік беретін көлемде, және үшінші тараптардың тиісті түрде сақталатын құқықтарын ескере отырып, адамды ұстап беруге әкелетін құқық бұзушылық нәтижесінде сатып алынуы мүмкін, немесе қылмыстық іс бойынша дәлел ретінде талап етілуі мүмкін, сұрау салынатын мемлекетте табылған түгел меншік, егер ұстап беру рұқсат етілген болса, сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың өтініші болған кезде беріледі.

2. Егер сұрау салушы Уағдаласушы Тарап өтінсе, жоғарыда аталған меншік шарт жасалған адамды ұстап беру бір себептермен жүзеге асырыла алмайтын болса да, осы Т а р а п қ а б е р і л у і м ү м к і н .

3. Егер аталған меншік сұрау салынатын Уағдаласушы Тарапқа қылмыстық іс бойынша дәлел ретінде қажет болса, онда оны беру іс бойынша өндіріс тоқтатылғанға дейін кейінге қалдырылуы мүмкін.

4. Егер аталған меншік сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың аумағында қолдануға тыйым салынуға немесе тәркіленуге жататын болса, онда бұл Тараптың оны бермеуі немесе уақытша беруі мүмкін.

5. Егер сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың заңдары немесе үшінші тараптардың құқықтарын қорғау мүдделері саны талап ететін болса кез келген осындай тәртіпте берілген меншік, егер осы Тарап талап ететін болса, сот талқылауы аяқталғаннан кейін сұрау салынатын Уағдаласушы Тарапқа қайтарылады.

73-бап

Транзиттік тасымалдау

1. Егер адам бір Уағдаласушы Тарапқа үшінші мемлекеттен басқа Уағдаласушы Тараптың аумағы арқылы ұстап берілуге тиіс болса, онда осы адамды алатын Тарап басқа Тараптан бұл адамды соның аумағы арқылы транзиттік тасымалдауға рұқсат сұрайды. Бұл ереже басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында самолеттің қонуы жоспарланбайтын кезде әуе көлігін пайдалану ретінде қолданылмайды.

2. Тиісті ақпараты бар осындай өтініш алған соң сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап өз заңдарымен көзделген шараларға сәйкес осы өтінішті қарайды да, егер ол оның негізін қалайтын мүдделеріне зиян тигізбесе ғана, осы өтінішті тез арада қанағаттандырады. Уағдаласушы Тараптардың құзыретті мекемелері әрбір жеке ретте транзиттің тәсілі, жолы және өзге жағдайлары туралы келіседі.

3. Транзиттік тасымалдау кезінде транзит мемлекеті тасымалданатын адамды қамауға ұстаудың заңды мүмкіндігін қамсыздандырады және басқа Уағдаласушы Тараптың тасымалданатын адамдарды ертіп жүрген өкілдеріне қажетті көмек көрсетеді.

4. Әуе мекемесінің жоспарланбаған қонуы жағдайында соның аумағының үстінен ұшу жүзеге асырылатын Уағдаласушы Тарап басқа Уағдаласушы Тараптың тасымалданатын адамды ертіп жүретін өкілдерінің өтінішімен осы баптың 1-тармағына сәйкес ұсынылатын транзиттік тасымалдау туралы өтініш алғанға дейін 48 сағаттың ішінде бұл адамды

тұтқында ұстай алады. Мұндай өтініш телеграф, телекс, телефакс, электронды почтаны қоса отырып, мәтінді берудің техникалық құралдары арқылы берілуі мүмкін.

5. Транзиттік тасымалдауға байланысты шығындарды сұрау салушы Уағдаласушы Тарап көтереді.

74-бап

Қылмыстық іс бойынша өндіріс нәтижелері туралы хабарландыру

Уағдаласушы Тараптар өздеріне ұстап берілген адамдарға қарсы қылмысты іс бойынша өндіріс нәтижелері туралы бір-біріне хабарлайды. Өтініш бойынша соңғы шешімнің де көшірмесі жіберіледі.

II бөлім. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру

75-бап

Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру мүмкіндігі

1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы құқық бұзушылық жасауда күдіктенетін

адамды ұстап беруге мүмкіндік туғызатын жағдайлар болмаған кезде, немесе егер әділ сотты жүргізу мүдделері талап етсе, сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес осы адамға қарсы қылмыстық қудалауды жүзеге асыруды басқа Уағдаласушы Тараптан өтінуі

мүмкін.

2. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы басқа Уағдаласушы Тараптың өтінішімен, егер адамды ұстап беруге мүмкіндік туғызатын жағдайлар болмаса, сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес адам құқық бұзушылықта күдіктенген кезде, өз азаматына немесе оның аумағында тұрақты тұратын өзге адамдарға қарсы қылмыстық қудалауды жүзеге асыра алады.

76-бап

Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы өтініш және қажетті құжаттар

1. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы өтініш жазбаша түрде жіберіледі және онда:

- а) тергеу немесе соттық талқылау жүргізуге құзырлы сұрау салушы әділет мекемесінің және сұрау салынатын әділет мекемесінің атауы;
- ә) жасалған құқық бұзушылықтың орны мен уақытын нақты көрсете отырып, қылмыстық сот ісін жүргізуді өткізу туралы өтініш осыған байланысты жіберілетін іс - ә р е к е т т і ң с и п а т т а м а с ы ;
- б) қылмыс жасауда күдіктерді дәлелдейтін, тергеу нәтижелерін баяндау;
- в) күдіктінің жеке басы, азаматтығы және тұратын жері туралы мейлінше анық а қ п а р а т ;
- г) қылмыспен келтірілген зиянның көлемі туралы мәліметтер болуға тиіс.

2. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы өтініш:

- а) осы іс-әрекет соның негізінде қылмыс болып табылатын сұрау салушы Уағдаласушы Тарап заңы ережелерінің мәтінімен, сондай-ақ қажет болса тергеу жүргізуде маңызы бар болса заң шығару нормаларының мәтіндерімен;
- ә) жәбірленушінің шағымы бойынша қозғалатын қылмыстық істер

бойынша жәбірленушілердің арызымен, және зиянды өтеу туралы арыздармен;

- б) күдіктінің сыртқы келбетінің сипатын, фото суретін және өзге

бейнелерді қоса отырып, оның жеке басын анықтауға мүмкіндік туғызатын кез келген ақпаратпен бірге жіберіледі.

3. Істегі құжаттардың әрқайсысы сұрау салушы Уағдаласушы Тарап құзыретті әділет мекемесінің елтаңба мөрімен куәландыруға тиіс.

4. Өтініш пен соған қоса берілетін құжаттар осы шарттың 17-бабының ережелеріне сәйкес ресімделеді.

77-бап

Түпнұсқалықты растау және куәландыру

Ұлттық заңдармен және осы Шартпен көзделген жағдайлардан басқа, егер Уағдаласушы Тараптар өзге туралы келіспеген болса, қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы өтінішке жауап қайтара отыра берілген құжаттар мен өзге материалдар түпнұсқалығын анықтауды немесе куәландыруды талап етпейді.

78-бап

Өтініш туралы хабарландыру

Сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап сұрау салушы Уағдаласушы Тарапқа соңғы шешім туралы хабарлайды. Сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың өтінішімен соңғы шешімнің көшірмесі жіберіледі.

79-бап

Өтінішті қанағаттандыруға негіздер

Қылмыстық қудалау туралы өтініштің, егер өтініш соған байланысты жіберілетін іс-әрекет сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың аумағында жасалған болса ғана ол құқық бұзушылық болып есептелетін болған жағдайда қанағаттандырыла алады.

80-бап

Бас тартуға негіздер

1. Егер сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы өтінішті қабылдаудан бас тартса, ол сұрау салушы Уағдаласушы Тарапқа бас тарту себептері туралы хабарлайды.

2 . Е г е р :

а) күдікті адам сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың азаматы

болып табылмаса немесе бұл Уағдаласушы Тарап осы адам аумағында тұрақты тұратын мемлекет болып табылмаса;

ә) өтініш соған байланысты жіберілетін қылмыс ұстап беруге әкелетін қылмыс болып табылмаса.

қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы өтінішті қабылдаудан бас тартылуы мүмкін.

81-бап

Қылмыстық қудалауды жүзеге асырудың мүмкін еместігі

Егер қудалау талап етілетін адамға қатысты сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың аумағында заңды күшіне енген үкім немесе іс бойынша өзге соңғы шешім шығарылса, қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы өтініш орындалмайды, бұл жайлы сұрау салушы Уағдаласушы Тарап хабарланады. Мұндай жағдайда сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың әділет мекемелері қылмыстық істі қозғай алмайды, ал олар қозғаған іс тоқтатуға жатады.

82-бап

Күдікті адамның жағдайы

Күдікті адам, күдіктінің заңды өкілі немесе жақын туыстары бұл күдікті адам әділ соттан жасырынып жүрген немесе қандай да бір өзге түрде оны жүргізуге кедергі жасаған реттерден басқа, кез келген Уағдаласушы Тарапқа қылмыстық сот ісін жүргізуді өткізудегі өз мүдделігін мәлімдей алады.

83-бап

Жәбірленушінің құқықтары

Сот ісін жүргізуді өткізу кезінде сұрау салушы және сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптар қылмыстан жәбірленуші болып табылатын адам құқықтарының , атап айтқанда оның зиянды өтетуге құқығының өткізу нәтижесінде бұзылмауын қамтамасыз етеді. Егер азаматтық талап сот ісін жүргізуді өткізгенге дейін қанағаттандырылмаған болса, сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап өткізілген сот ісін жүргізуде талап қоюға рұқсат береді. Жәбірленуші қайтыс болған жағдайда бұл ереже оның асырауындағы адамдарға қолданылады.

84-бап

Сот ісін жүргізуді өткізудің сұрау салушы
Тарап үшін салдары

Сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап күдікті адамға қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы өтініш алғаннан кейін, сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап іс бойынша соңғы шешім шығарылғаны туралы сұрау салушы Уағдаласушы Тарапқа хабарламайынша, сұрау салынатын Уағдаласушы Тарапқа заң көмегін көрсетуді қоса отырып, қажетті тергеуден басқа, сұрау салушы Уағдаласушы Тарап қылмыстық қудалауды уақытша тоқтатады. Хабарлау сәтінен бастап сұрау салушы Уағдаласушы Тарап тура осы қылмысқа байланысты қылмыстық қудалауды тоқтатады.

85-бап

Сот ісін жүргізуді өткізудің сұрау салынатын
Уағдаласушы Тарап үшін салдары

1. Келісім бойынша өткізілген сот ісін жүргізу сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың заңдарымен реттеледі. Өз заңдарына сәйкес күдікті адамға жаза қою кезінде сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі қылмыс құрамының нақты

элементтеріне қатысты қажетті толықтырулар енгізеді. Осы мемлекетке жарияланған жазалау шарасы сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың заңдарымен көзделген шарадан қ а т а л б о л м а у ғ а т и і с .

2. Сот тергеуіне немесе процедуралық талаптарға байланысты сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес оның аумағында жасалатын кез келген әрекет, мұндай әрекет сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың заңдарына қаншалықты сай келетіндігіне қарай егер ол осы мемлекетте немесе осы мемлекеттің әділет мекемесімен жасалған кезде қандай заңды күшке ие болса, сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың аумағында тура

сондай заңды күшке ие.

3. Сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы өтініш бойынша сот тергеуі нәтижесінде қабылданған шешім туралы сұрау салушы Уағдаласушы Тарапқа хабарлайды. Осы мақсатпен оның өтініші бойынша кез келген соңғы шешімнің көшірмесі беріледі.

86-бап

Жауапкершілікті жеңілдететін және ауырлататын
жағдайлар

Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы сот тергеуін қоса отырып, қылмыстық қудалауды жүзеге асыру кезінде олар Уағдаласушы Тараптардың қайсысында пайда болғанына қарамастан, Уағдаласушы Тараптардың заңдарымен көзделген жауапкершілікті жеңілдететін және ауырлататын жағдайларды ескереді.

87-бап

Уақытша шаралар

Сұрау салушы Уағдаласушы Тарап қылмыстық қудалауды жүзеге асыру

жөніндегі өтінішті жіберу ниеті туралы жариялаған кезде сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап сұрау салушы осы мақсат үшін жіберген арнайы өтінішті алған соң алдын ала ұстау мен тұтқынға алуды қоса отырып, егер қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы өтініш осыған

байланысты жіберілген құқық бұзушылық оның аумағында жасалған болса, сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес қолданылуы мүмкін барлық уақытша шараларды қолдана алады.

III бөлім. Қылмыстық істер жөніндегі құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы арнайы ережелер

88-бап

Жауап беру немесе тергеу жүргізуде көмек көрсету үшін
тұтқындағы адамдарды өткізу

1. Уағдаласушы Тараптар өз заңдарына сәйкес және тұтқындағы адамдардың келісімімен, тиісті өтініш болған кезде, жауап беру немесе тергеу жүргізуде көмек көрсету үшін оларды бір-біріне уақытша бере алады.

2. Осы баптың 1-тармағымен көзделген түрде адамдарды беру Уағдаласушы Тараптар бірге келісетін, бірақ бір айдан аспайтын, ал ерекше жағдайларда екі айдан аспайтын мерзімге жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Егер сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес қоса берілетін адам тұтқында ұсталуға тиіс болса, сұрау салушы Уағдаласушы Тарап бұл адамды тұтқынға ұстайды да осы баптың 2-тармағымен көзделген мерзімдерді ескере отырып, немесе, егер оның сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың аумағында кейін де болуы қажет етілмеген кезде, одан да ерте оны беру туралы өтініш соған байланысты берілген сот тергеуі аяқталғаннан кейін оны сұрау салынатын Уағдаласушы Тарапқа қайтарады.

89-бап

Ұстап берілуі талап етілетін адамды уақытша
беру мерзімдері

1. Осы Шарттың 68-бабына сәйкес ұстап берілуі талап етілетін

адамды уақытша беру мерзімдері, әділ сотты жүзеге асыру мүдделеріне қарай және Уағдаласушы Тараптардың заңдарымен рұқсат етілген тұтқында

ұстаудың шекті мерзімдерін ескере отырып, Уағдаласушы Тараптармен біріге белгіленеді.

2. Осы шарттың 68-бабымен және осы баптың 1-тармағымен көзделген жағдайларда уақытша ұстап берілетін адамды тұтқында ұстау мерзімдері сұрау салушы және сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптардың заңдарына сәйкес әрбір қылмыстық іс бойынша жеке ескерілуге тиіс.

90-бап

Тінту және тартып алу

Сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың заңдарымен рұқсат етілетін шектерде ол осы Шарттың 72-бабымен көзделген жағдайларды сақтау кезінде қылмыстық іс бойынша дәлелдер ретінде пайдалану үшін заттар мен құжаттарды тінту, тартып алу және сұрау салушы Уағдаласушы Тарапқа беру туралы өтінішті орындайды.

91-бап

Құқық бұзушылықтан түскен табыстар

Уағдаласушы Тараптар құқық бұзушылықтан түскен табыстарды табу, тартып алу және тәркілеуде көмек көрсетеді. Осы Шарттың мақсаттары үшін "қылмыстан түскен табыстар" тікелей немесе жанама түрде құқық бұзушылық жасау салдарынан түскен немесе сатылған кез келген күдікті немесе сотпен белгіленген меншікті, не құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған басқа пайдаларды білдіреді.

92-бап

Құқық бұзушылықтардан түскен табыстарға қатысты көмек көрсету

1. Қылмыстан түскен табыстарға қатысты көмек туралы өтінішті сұрау салынатын Уағдаласушы Тарапқа жібере отырып, сұрау салушы Уағдаласушы Тарап мұндай табыстар сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың юрисдикциясы шектерінде болуы мүмкін деп есептейтін себептер туралы хабарлайды.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес жіберілген өтінішті алып сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап қылмыстан түскен қандай да бір табыстар оның юрисдикциясы шектерінде болып-болмауын анықтауға қажетті шаралар қолданады және тергеу нәтижелері туралы сұрау салушы Уағдаласушы Тарапқа хабарлайды.

3. Егер қылмыстан түскен қандай да бір табыстар сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап юрисдикциясының шектерінде болса, ол активтерді анықтауға, қаржы операцияларын тергеуге және құқық бұзушылықтан түскен табыстарды тартып алуды қамтамасыз етуге көмектесе алатын басқа ақпаратты немесе куәліктерді алуға қажетті шаралар қолданады.

4. Болжалынып отырған қылмыстан түскен табыстар анықталған жағдайда тиісті өтініш болған кезде сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап қандай да бір операцияларға, сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың соты осы табыстарға қатысты соңғы шешім қабылданғанға дейін болжаланып отырған қылмыстан түскен осы табыстарды беруге немесе пайдалануға жол бермеу мақсатымен оның заңдарымен рұқсат етілген шаралар қолданады.

5. Сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың заңдарымен белгіленген шектерде ол қылмыстан түскен табыстарды тартып алу немесе тәркілеу туралы сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың соңғы шешімін орындауға келтіреді немесе орындалуына рұқсат етеді, немесе сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың өтінішіне сәйкес осы табыстарды алуға басқа тиісті шаралар қолданады.

6. Осы бапта қолдану кезінде Уағдаласушы Тараптар адал ниетті үшінші тараптар құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді, ал қылмыстан түскен табыстарды беру осы Шарттың 72-бабымен көзделген жағдайларды сақтай отырып жүзеге асырылады.

93-бап

Бақыланатын қамсыздандырушылық

1. Уағдаласушы Тараптар өз заңдарының және өз мүмкіндіктерінің шеңберінде айналымына тыйым салынған заттар, құралдар немесе бұйымдардың заңсыз айналуына қатысушы адамдарды анықтау және оларды қылмыстық қудалау мақсатында кез келген үшінші тараппен келісімдерді және шарттарды қоса отырып, өзара тиімді шарттар негізінде айналымға тыйым салынған заттарды, құралдарды немесе бұйымдарды бақыланатын қамсыздандырушылық әдісін тиісті пайдалануды көздейтін қажетті шаралар қолданады.

2. Бақыланатын қамсыздандырушылықтың әдісін пайдалану туралы шешімдер

адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, құқықтар мен заңмен қорғалатын мүдделерге туғызуы мүмкін қауіптің деңгейін тиісті түрде ескере отырып, әрбір жеке жағдайда Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдарымен қабылданады, және қажет жағдайда тараптар жасаған қаржылық шарттар мен юрисдикцияға қатысты өзара түсінісуді ескеруі мүмкін.

3. Бақыланатын қамсыздандырушылықтары жасалған шарттарға сәйкес,

оның ішінде кез келген үшінші тараптың қатысуымен жүзеге асырылатын, айналымына тыйым салынған заттардың, құралдар немесе бұйымдардың заңсыз партиялары адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға туғызуы мүмкін қауіптің деңгейін ескере отырып мұндай заттарды, құралдар немесе бұйымдарды сақтаумен немесе тартып алумен, не толық немесе жартылай ауыстырумен кейіннен тасымалдау үшін пайдаланылуы мүмкін.

94-бап

Сұрау салынатын және сұрау салушы Уағдаласушы
Тараптардың соттарына жататын істерді қарау тәртібі

Адамдарды немесе адамдар тобын, істері сұрау салынатын және сұрау салушы Уағдаласушы Тараптардың соттарында қаралуға тиіс бірнеше қылмыстар жасауда айыптау кезінде оларды аумағында алдын ала тергеу аяқталған Уағдаласушы Тараптың соты қарауға құзыретті. Бұл жағдайда істер осы Уағдаласушы Тараптың сот ісін жүргізу ережелері бойынша қаралады.

95-бап

Айыптау үкімдері туралы хабарлар және
сотталушылық туралы мәліметтер

1. Уағдаласушы Тараптар айыпталушылардың фотосуреттері мен қол саусақтарының таңбасын бірге жібере отырып, басқа Уағдаласушы Тараптың азаматтарына қатысты өз соттары шығарған заңды күшіне енген айыптау үкімдері туралы бір-біріне хабарлап тұруға міндеттенеді.

2. Уағдаласушы Тараптар, егер адамдар сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың

аумағында қылмыстық жауапкершілікке тартылатын болса, өз соттарымен бұдан бұрын айыпталған адамдардың сотталушылығы туралы өтініш бойынша бір-біріне мәліметтер х а б а р л а й т ы н б о л а д ы .

96-бап

Құпиялылықты сақтау

Тиісті өтініш болған кезде:

а) сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап көмек көрсету, өтініштің және растайтын құжаттардың мазмұны туралы өтінішті, сондай-ақ мұндай көмек көрсету фактісін құпияда сақтауға қажетті шаралар қабылдайды. Егер бұл өтініш құпиялылықты бұзусыз қанағаттандырылмайтын болса, сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап бұл жайлы сұрау салушы Уағдаласушы Тарапқа хабарлайды, ал ол осыған қарамастан бұл өтінішті қанағаттандыру туралы сұраудың керектігі немесе керек еместігін

кейіннен белгілейді;

ә) сұрау салушы Уағдаласушы Тарап осы куәліктер және ақпарат өтініште көрсетілген тергеу және сот талқылауын өткізу үшін талап етілетін жағдайлардан басқа, сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап берген куәліктер мен ақпаратты құпияда сақтайды.

97-бап

Пайдалануға шек қою

Сұрау салушы Уағдаласушы Тарап сұрау салынатын Уағдаласушы

Тараптың келісімінсіз көмек көрсету туралы өтініште аталған тергеулер немесе талқылаулардан басқа, қандай да бір тергеулер немесе толықтырулар үшін сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап беретін ақпаратты немесе дәлелдерді пайдаланбайды немесе бермейді. Алайда айыптау өзгерген жағдайда берілген материал қойылған айыпқа сәйкес құқық бұзушылық осы Шартқа сәйкес өзара көмек көрсетілуі мүмкін құқық

бұзушылық болып табылатын деңгейде пайдаланылуы мүмкін.

98-бап

Куәларды, жәбірленушілерді және қылмыстық
процестің басқа қатысушыларын қорғау

Уағдаласушы Тараптар қажет болған жағдайда, сондай-ақ әділ сотты жүзеге асыру мүдделері талап ететін кезде мұндай істерді соттарда қарау кезде бірлескен тергеу жүргізетін құқық бұзушылық туралы істер бойынша куәларды, жәбірленушілерді және қылмыстық процеске басқа қатысушыларды қорғауға өз заңдарымен көзделген шаралар қолданады.

99-бап

Тасымалдауға байланысты шығындар

Жауап беруге немесе тергеу өткізуге көмек көрсету үшін тұтқындағы адамды уақытша беру кезінде, осы Шарттың 88-бабымен көзделген тасымалдауға байланысты, осы адамдарды үшінші мемлекеттердің аумағы арқылы транзиттік тасымалдауға шыққан шығындарды сұрау салушы Уағдаласушы Тарап көтереді.

100-бап

Хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздестіру

1. Уағдаласушы Тараптар мұндай адамдар сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың аумағында болуы мүмкін деп ойлауға негіздер болған кезде өтініш бойынша хабар-ошарсыз жоқ болып кеткен адамдарды іздестіруді жүзеге асырады.

2. Хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздестіру туралы өтініш осы Шарттың 7 және 17-баптарының ережелеріне сәйкес жазылады және ізделетін адамдардың орналасқан жерін анықтауда көмектесуі мүмкін кез келген өзге ақпаратпен қатар онда ол адамның жеке басының

мүмкіндігінше толық сипаттамасы болуға тиіс.

3. Хабар-ошарсыз кеткен адамды іздестіру туралы өтінішке, олар

болған кезде іздестірілетін адамның фотосуреттері немесе өзге графикалық бейнелері, тіс картасы, қол саусақтарының белгісі, сондай-ақ талап етіліп қалуы мүмкін өзге құжаттары немесе олардың көшірмелері қоса беріледі.

101-бап

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету
кезінде Уағдаласушы Тараптар өкілдерінің қатысуы

Уағдаласушы Тараптардың біреуінің әділет мекемелерінің өкілдері басқа Уағдаласушы Тараптың келісімімен қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті осы Уағдаласушы Тараптың әділет мекемелері орындаған кезде қатыса алады.

102-бап

Ұстап берілген адамдарды қаруланған түрде алып бару

1. Уағдаласушы Тараптар ұстап берілуіне немесе тапсырылуына рұқсат етілген адамдарды және тергеу жүргізуде көмек көрсетуге берілетін адамдарды олардың аумағынан шығару кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсаттарында мұндай адамдарды сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемелерінің қарулы өкілдері алып баруы мүмкін деп келісті. Бұл жайлы сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап алдын ала басқа Уағдаласушы Тараппен хабарланады.

2. Сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемелерінің өкілдері өз қызмет міндеттерін орындаған кезде осы баптың 1-тармағымен көзделген жағдайларда оларға сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың құқық қорғау органдары жұмыскерлерінің құқықтық мәртебесі қолданылады. Осыған сәйкес олар мекендеген мемлекеттің және өз мемлекетінің құқықтық қорғауымен пайдаланады, жеке қол сұқпаушылыққа, табельді атылатын қаруды сақтау, ұстау және пайдалану құқығына ие, және қызметтерін мекендеу мемлекетінің нормативтік актілеріне сәйкес орындайды.

3. Осы баптың 2-тармағында аталған құзыретті әділет мекемелерінің өкілдері жасаған құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау кезінде, олар азаматтары болып табылатын Уағдаласушы Тарап басқа Уағдаласушы Тарапқа қажетті көмек пен жәрдем көрсетеді. Мұндай жағдайларда құқық бұзушыларды қылмыстық қудалау Уағдаласушы Тараптардың заңдарына және осы Шарттың ережелеріне сәйкес, олар азаматтары

болып табылатын Тарапқа өтініш бойынша берілуі мүмкін.

4. Құзыретті әділет мекемелері өкілдерінің табельді атылатын қарулары, оның оқ-дәрілері, арнайы құралдары және жеке қорғану құралдары осы баптың 1-тармағымен көзделген жағдайларда сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың аумағына, нысаны мен мазмұны Уағдаласушы Тараптардың екеуімен де келісілінуге тиіс арнайы тізімдер (рұқсат қағазы) бойынша өткізіледі және міндетті түрде қайта алып шығуға жатады. Қаруды, оқ-дәрілерді, арнайы құралдарды және жеке қорғану құралдарын алып шығу құзыретті әділет мекемелері өкілдерінің сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың аумағына кіруі кезінде кеден органдары куәландырған, аталған тізімдердің (рұқсат қағаздарының) негізінде жүзеге асырылады.

5. Осы баптың ережелері Уағдаласушы Тараптардың аумағы арқылы Тараптарға үшінші мемлекеттер ұстап берген адамдарды транзиттік тасымалдау жағдайларына қолданылады. Осы Шарттың 73-бабының 4-тармағымен көзделген жағдайда тасымалданатын адамды ертіп бара жатқан Уағдаласушы Тараптың өкілдерінде атылатын қару, оқ-дәрілер,

арнайы құралдар және жеке қорғану құралдары бар екендігі туралы осы Шарттың 73-бабының 1 және 44-тармақтарына сәйкес берілетін транзиттік тасымалдау туралы өтініште хабарланады. Мұндай өтінішті алғанға дейін қару, оқ-дәрілер, арнайы құралдар және жеке қорғану құралдары сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың құзыретті мекемелеріне сақтауға өткізілуге тиіс.

103-бап

Қылмыстық істер бойынша көмек көрсету мәселелері жөніндегі қатынастар тәртібі

Ұстап беру және қылмыстық қудалау мәселелері жөніндегі қатынастар Уағдаласушы Тараптардың бас прокурорларымен (прокурорларымен) жүзеге асырылады.

Прокурордың (соттың) санкциясын талап ететін іс жүргізу және өзге әрекеттерді орындау мәселелері жөніндегі қатынастар Уағдаласушы Тараптардың бас прокурорларымен (прокурорларымен) белгіленген тәртіпте прокуратура органдарымен жүзеге асырылады.

V тарау. Қорытынды ережелер

104-бап

Осы Шартты қолдану мәселелері

1. Осы Шартты қолдану кезінде пайда болатын мәселелерді

құзыретті әділет мекемелері өзара келісім бойынша шешеді. Қажет болғанда пайда болған келіспеушілікті реттеу мақсаттарында Уағдаласушы Тараптардың тиісті мемлекеттік органдарының өкілдерімен Бірлескен комиссия құрылуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Тараптар әділет мекемелерінің орталық органдары осы Шарттың ережелерін практикада қолдану мәселелері бойынша ведомство аралық шарттар (келісімдер) жасай алады.

105-бап

Басқа халықаралық шарттарға көзқарас

Осы Шарт Уағдаласушы Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардың ережелерін қозғамайды.

106-бап

Толықтырулар мен өзгертулер енгізу

Осы Шартқа Уағдаласушы Тараптардың екеуінің де өзара келісімі бойынша, осы Шарттың 107-бабымен көзделген жағдайларға сәйкес күшіне енетін толықтырулар мен өзгертулер енгізілуі мүмкін.

107-бап

Күшіне ену

Осы Шарт бекітуге жатады және бекіту грамоталарымен алысу күнінен бастап он үшінші күні күшіне енеді.

108-бап

Қолданылу мерзімі

Осы шарт күшіне енген күннен бастап бес жыл ішінде қолданылатын болады және оның қолданылу мерзімі, егер Уағдаласушы Тараптардың бірде біреуі оның қолданылуын тоқтатқысы келетіндігі туралы басқа Уағдаласушы Тарапқа жазбаша хабарландыру жібермесе, келесі бес жылдық мерзімдерге бірден ұзартылады. Шарт басқа Уағдаласушы Тарап мұндай ескерту алған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін күшін жояды.

109-бап

Уақытта қолданылуы

Осы Шарттың күші бұл күшіне енгенге дейін пайда болған құқықтық қатынастарға да қолданылады.

Алматы қаласында 1997 жылғы 2 маусымда, екі түпнұсқада, әрқайсысы қазақ, өзбек және орыс тілдерінде жасалған және барлық мәтіндер бірдей күшке ие.

Осы Шарттың ережелерін талқылау мақсаттары үшін орыс тіліндегі мәтін пайдаланылады.

Қазақстан Республикасы
үшін

Өзбекстан Республикасы
үшін

"Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы
Құқықтық көмек және азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер
бойынша құқықтық қатынастар туралы шартты бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының жобасына

АНЫҚТАМА ПАРАҚ

1. Заң жобасының бастамашысы Қазақстан Республикасының
(органның толық атауы) Үкіметі
2. Заң жобасын әзірлеу жөніндегі құрылған жоқ
жұмыс тобының құрамы
3. Заң жобасы жөніндегі бас Халықаралық істер, қорғаныс
комитет және қауіпсіздік жөніндегі
комитет
4. Заң жобасының Қазақстан
Республикасының Парламентінде

тіркелген күні

5. Заң жобасы бойынша Қазақстан
Республикасы Парламенті
тұрақты комитеттерінің
қорытындысы

6. Заң жобасы бойынша Қазақстан Қазақстан Республикасының
Республикасы Үкіметінің, Стратегиялық жоспарлау және
министрліктердің, реформалар жөніндегі
ведомстволардың, басқа да агенттігімен, Ішкі істер
мемлекеттік органдар мен министрлігімен, Ұлттық
қоғамдық бірлестіктердің қауіпсіздік комитетімен,
қорытындысы Бас прокуратурамен,
Жоғарғы Сотпен, Сыртқы істер
министрлігімен келісілді

7. Заң жобасының ғылыми
сараптамасы өткізілген жоқ

8. Заң жобасы жөнінде баяндама Әділет министрі
жасау кімге тапсырылады Б.Ә.Мұхамеджановқа

9. Балама жобалардың болуы жоқ

10. Заң жобасының Қазақстан
Республикасының Парламентіне
тапсырылған күні

11. Парламенттің заң жобасын
бірінші оқылымда қараған
күні және оның нәтижелері

12. Жобаны пысықтау және оны
екінші оқылымға әзірлеу
тапсырылған бас комитет
(комиссия), басқа орган

13. Заң жобасының халықтық ұсынылған жоқ
талқылауға ұсыну және
оның мерзімі

14. Комитеттің заң жобасы
жөніндегі қорытындысы
(екінші оқылымның алдында)

15. Заң жобасын Парламенттің
екінші оқылымда қарауы
және оның нәтижесі

16. Заңның күшіне ену уақыты

17.Басқа да белгілер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК